

МРНТИ 16.21.65

А.Ә.Жаңабекова¹, Ә.Мұрсал²

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика
бөлімінің менгерушісі, филология ғылымдарының докторы.

Алматы қаласы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Ғылым ордасы»
кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен
білім беру бағдарламаларының 2 курс магистранты.

Алматы қаласы, Қазақстан

КҮРДЕЛІ ҚҰРАМДЫ ЕТІСТІКТІ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ

Аннотация: Қазақ тілінде курделі етістіктерді тану мәселесінде ғалымдар
пікірі бірізді емес. Өйткені құрамы жағынан бірнеше етістіктен тұратын етістікті
тіркестердің семантикасында айырмашылықтар бар екені байқалған. Сол себепті
ғалымдар құрылымы жағынан курделі құрамды етістіктердің барлығын бірдей
курделі етістік деп атауға болмайтынын айқындаған. Курделі құрамды тістіктердің
тұрақталған түрлері түсіндірме сөздіктерде беріледі. Алекі етістік тіркесіп келіп бір
мағынаны білдіретін тұрақты емес түрлері сөздіктерге алынбайды. Алайда мұнданай
тіркестерді сөздіктерге алып, мағынасын түсіндіру манызды. Макалада осында
курделі құрамды етістікті тіркестердің тұрақты емес, яғни идиомаланбаған түр-
лерін лексикографиялау мәселесі сез болады.

Макалада курделі етістіктер мен аналитикалық формалы етістіктерді лексико-
графиялау мүмкіндіктері қарастырылады. Курделі етістіктер жасайтын тірек
компоненттердің/көмекші етістіктердің семантикалық функциясы ашылады және
курделі етістіктер мен аналитикалық формалы етістіктердің бірнешеуіне дефини-
ция беріліп, сөздікте рәсімделу үлгісі беріледі.

Тірек сөздер: курделі етістік, лексикография, сөздік, аналитикалық формалы
етістік, морфологиялық анализатор, автомагтандыру

А.А. Жанабекова¹, А. Мұрсал²

¹заведующий отделом прикладной лингвистики Института языкоznания имени
А. Байтұрсынулы, Алматы, Казахстан

²магистрант 2 курса совместных образовательных программ научно-
исследовательских институтов на базе Казахского национального университета
им. аль-Фараби и комплекса «Ғылым ордасы», Алматы, Казахстан

ЛЕКСИКОГРАФИЯ СЛОЖНОСОСТАВНЫХ ГЛАГОЛЬНЫХ СОЧЕТАНИЙ

Аннотация. В вопросе изучения сложных глаголов в казахском языке мнение
ученых не единогласное. Потому что в семантике глагольных сочетаний, состоящих

из нескольких глаголов, по составу отмечались различия. Поэтому ученые выяснили, что не всех сложносоставных глаголов можно называть сложными глаголами. Устойчивые формы сложносоставных глаголов вносятся в толковые словари. А не устойчивые глаголы, которые выражают одно значение при сочетании двух глаголов, в словарях не включаются. Однако важно включить такие сочетания в словари и объяснить их смысл. В статье идет речь о лексикографировании таких сложносоставных глаголов, которые не являются устойчивыми, т. е. не идиомами.

В статье рассматриваются возможности лексикографирования сложных глаголов и аналитических форм глаголов. Выявляются семантические функции опорных компонентов/вспомогательных глаголов и даются дефиниции некоторым сложным глаголам и аналитическим формам глагола, дается образец их оформления в словаре.

Ключевые слова: сложный глагол, лексикография, словарь, аналитическая форма глагола, морфологический анализатор, автоматизация.

A.A. Zhanabekova¹, A. Mursal²

¹Head of the Department of Applied Linguistics, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

²2nd year undergraduate student of joint educational programs of research institutes on the basis of the Al-Farabi Kazakh National University and the «Gylym Ordasy» complex, Almaty, Kazakhstan

LEXICOGRAPHY OF COMPLEX-COMPOUND VERB COMBINATIONS

Annotation. In the issue of cognition of complex verbs in the Kazakh language, the opinion of scientists is not uniform. Because there were differences in the semantics of verbal combinations consisting of several verbs in composition. Therefore, scientists have found out that not all verbs with a complex structure are the same complex verb. Stabilized tooth shapes of complex composition are given in the explanatory dictionaries. And the non-constant types of verbs that express the same meaning when two verbs are combined are not taken to dictionaries. However, it is important to take such phrases into dictionaries and explain their meaning. The article deals with the lexicography of such compound verbs that are not constant, that is, not idiom types.

The article deal with the possibilities of lexicography of complex verbs and analytical forms of verbs. The semantic functions of auxiliary verbs / postpositives are revealed and definitions are given to some complex verbs and analytical forms of the verb.

Keywords: complex verb, lexicography, dictionary, analytical form of the verb, morphological analyzer

Сөздік – жеке тілдің сөздік құрамының, әлеуметтік топ диалектісінің, жазушы шығармаларының лексикалық жиынтығы;

Сөздік – тілдердегі сөздерді, сөз тіркестерін, идиомдарды әлібі негізінде я тақырыптық түрғыдан жүйеге түсіріп, олардың мағынасын аштын, аудармасын түсіндіретін анықтамалық құралмасы.

Алғашқы сөздік өзге тілдер сөздерін түсіндіру мақсатында ерте заманда жасал-

ды. Грекияда б.з.б. 5 ғасырда, Үндістанда б.з. 12 ғасырда, Ресейде 13 ғасырдан бастап сөздіктер құрастырылды. Түркі халықтарының алғашқы сөздікі 11 ғасырда жазылған Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-турк» еңбегі саналады. Кейінірек екі тілді немесе көптілді сөздіктер жасалды. Мысалы, араб-парсы, түрік-монгол сөздерін салыстыру тұрғысынан Замахшаридың «Мұқаддимат әл-адаб» сөздігі (12 ғасыр), Әбу Хаяйнның «Китаб әл-идрак Ли-Лисан әл-атрак» атты қыпшақ тілінің грамматикасы мен сөздерінің жинағы (14 ғасыр), Жамал әд-диннің араб-қыпшақ сөздігі ретінде құрастырылған «Бұғат әл-мұштақ» (15 ғасыр) енбектері.

Бұдан кейін П.М.Мелиоранскийдің «Араб филолог о турецком языке» (1900) еңбегін атауға болады. Сөздіктің элеуметтік қызметінің маңызы ерекше: дереккөзі ретінде жылдам ақпарат алуға болады; сөздердің мағынасы мен дұрыс қолданылуы туралы нормативтік бағыт береді т.б. Сөздік жасаудың әдісін, теориясы мен тәжірибелесін, технологиясын тіл білімінің *лексикография* саласы зерттейді.

Сөздіктердің түрлері ете көп, шартты түрде оларды лингвистикалық, филологиялық және анықтама сипатындағы энциклопедиялық сөздіктер деп бөледі. Энциклопедиялық сөздіктерде белгілі бір салаға қатысты ұғым, дерек, зат, құбылыстар сипатталса, лингвистикалық сөздіктер әліп билік тәртіппен белгілі бір тілдің лексикасы мен фразеологиясын түсіндіруді мақсат тұтады. Мұндай сөздіктер әдеби тілдің әбден қалыптасып, халықтың тіл мәдениеті кемелденген тұста, сөз байлығын нормалық тұрғыдан сипаттау қажеттілігі туындаған жағдайда жасалады.

Қайсыбір ұлттың болмасын сөз байлығы сол халықтың рухани, мәдени мұрасы, баға жетпес құндылығы болып табылады. Өйткені адамзаттық таным, ақиқат дүние туралы таным-түсініктер ен алдымен сөз байлығынан айқын көрініс табады. Сөзді тілдік қарым-қатынастың құралы еткендікten, оның сан алуан түрленісі, астарлы, бейнелі мағыналары – бәрі-бәрі сөз семантикасын түсіндірудің жолдары болып, халық жадынан орын тебеді. Сөздің осындағы сандық сипаты мен сан алуан мағыналық мүмкіндіктерін жиып-теріп, заттық мәдениетке айналдыру, яғни оларды мейлінше жинақтап, тізімдеу әрбір ұлт өкілінің алдында тұрган келелі міндет, абыройлы іс екендігі даусыз.

Көп елдерде ұлттық тілдің түсіндірме сөздіктерін жасау мемлекеттің тіл саясатының негізгі бөлігі ретінде арнайы мемлекеттік бағдарламаларға енеді.

Қазақ тілі басқа да әлем тілдері сияқты сөз санын жинақтап, сөздіктер құрастыру ісінен құр алақан емес. Қазақ тілінің алғашқы түсіндірме сөздігі екі том болып шықты. Кейін көптомдық сөздік 10 том болып, Қазақ тілінің онтомдық түсіндірме сөздігі негізінде халықтың сөз байлығын ықшам бейнелейтін біртомдық «Қазақ тілінің сөздігі» 1999 жылды жарық көрді. Бұл сөздіктер көптомдық сөздіктің келесі тиражын шығарғанға дейін Қазақстанның тәуелсіздігі тұсындағы қоғамдық санадағы өзгерістерді, мәдени өмірді бейнелейтін, тілдің лексикалық қорын нормалаушы сөздік қызметін атқара алды.

Осы жылдар ішінде қоғамдық сана бұрынғыдан да жаңара түсті, жаһандану тұсында ғылым-білімнің, мәдениеттің дамуында орасан зор өзгерістер болды. Сөздік құрам ғылым салалары мен қоғамдық қызметтердегі термин сөздермен молықты, жаңа атаулар пайда болды, сөздік кордың құрылышы айтарлықтай жаңғырды. Қазақ қоғамында қаншама өзгерістер болды, ғылым дамыды, экономикалық жағынан өркенdedі, техника ілгеріледі. Еліміздің тәуелсіздік алудымен байланысты қоғамдық сана жаңарды, ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыруту жолында

қаншама игілікті істер аткарылды, діни түсініктеріміз көндейді. Бұлардың бәрі тіл-дік танымға да әсер етті. Тілдің қоғамдық-мәдени қызметі арта тусты. Осының бәрі жаңа сипаттағы біртомдық сөздікті шығаруға қоғам сұранысын туғызған болатын.

Қазақ тілінің соңғы жылдары жарық көрген онбестомдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» түркі тілдері ішіндегі саны жағынан ең көптомдық түсіндірме сөздік болып есептелсе, сапасы жағынан да ғылым-білімнің соңғы жетістіктерімен толықтырылған кең ақпараттық аядағы рухани-мәдени мазмұндағы ұлттық сөздік болуымен құнды. Онбестомдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» [1] негізінде біртомдық «Қазақ сөздігі» [2] жарық көрді.

Қоғам өзгеріп отыратындықтан, халықтар арасындағы қарым-қатынас, ғылым-білімнің дамуы, осы сияқты қоғамдық-әлеуметтік факторлар әрбір ұлттың сез байлығына да, сейлеу мәдениетіне де әсер етпей қоймайды. Бүгінгінің адамы осыдан он-он бес жыл бұрын өмір сүрген адамдардың тілінен өзгешерек. Оның сейлеу мәдениеті, сез қолданысы, терминдерді қолдануы қазіргі заманға лайықталып, бейімделеді. Сондықтан сез байлығын жинақтайтын сөздіктерді әр кез қайта өндеп жаңартып отыру қажет.

Лингвистикалық сөздіктердің бірнеше түрлері бар: екі тілді не көп тілді аударма сөздіктер т.б. Аударма сөздіктер бір тілдегі сөздерді басқа тілдің балама сөздерімен беріп, ұлттар арасында сез алмасу үрдісін, өзара қарым-қатынас жасауды дамытса, түсіндірме сөздіктер сөздердің лексика-грамматикалық сипаттын, экспрессивті-эмоционалды бояуын танытып, маңызды ақпараттық дереккөзін сактаған рухани қазына ретінде қабылданады. Екінші тілді үйренуде аударма сөздіктердің маңызы зор десек, тілүйренуші үшін тілдегі жеке сөздерді ғана емес, мағыналық тұтастықта қаралатын құрделі сөздерді де үйрену, яғни олардың біртұтас аудармасын да білу қажет. Түсіндірме сөздіктерде әдетте сөзтізбеле (реестрде) жеке сөздер беріледі де, сол сөздер арқылы қалыптасқан тіркестер сол сөздің ұсында беріліп, мағынасы түсіндіріледі, мысалдармен дәйектеледі. Алайда түсіндірме сөздіктерде құрделі құрамды сөздердің тұрақты тіркес болып қалыптасқандары беріледі де, құрделі сөздердің бәрі беріле бермейді. Құрделі сөздердің ішінде біріккен және қос сөздер ғана алынып, тіркесу арқылы жасалғандар дербес құрделі лексикалық бірлік бола тұра, түсіндірме сөздіктерге енбейді. Қазақ тілінде ойды жеткізуінде негізгі құралы етістіктер болғандықтан, олардың бірнеше етістіктен құралып бір ғана қимылды біліріу жи кездеседі. Сондықтан, қазақ тілін үйренушіге, әсірессе, етістік сез табының құрделі құрамды бірліктерінің мағынасын да білу маңызды болып табылады. Тілүйренушіге мұндай мүмкіндікті жасау ең алдымен аударма сөздіктерден бұрын сол тілдегі құрделі сөздердің түсіндірме сөздіктерін жасауды қажет етеді. Осы мақсатқа сай біз диссертациялық жұмыс барысында құрделі етіс-тіктердің түсіндірме сөздігін құрастыруды, ал болашақта оны орыс, ағылшын т.б. тілдерге аударуды көздейміз.

Қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігінде көмекші етістіктер/ тірек компоненттер арқылы жасалған көптеген тұрақты тіркестер бар. Сөздікте олар әліпби реті бойынша бірінші сынардың ынғайына қарай енгізілген, яғни көмекші етістіктердің сөздік ұсында берілмеген. Сондықтан көмекші етістіктер арқылы жасалған тұрақты тіркестерді әліпби реті не сез ұсы бойынша іздел табу қындық тудыра-ды. Біз мұндай тұрақты тіркестерді Сөздіктің барлық томдары бойынша екінші компоненттеріне қарай іздел таптық. Көмекші етістіктер арқылы жасалған тұрақты

тіркестердің лексикографиялану ерекшеліктеріне мыналарды атап көрсетуге болады:

1) Көмекші етістіктер жасалған тұрақты тіркестер сөздікте бірінші компоненттерінің сөздік ұсында беріледі;

2) Тіркестер жедел өткен шақ формасында (-ды, -ді, -ты, -ті), жіктік жалғаудың 3-жағында тұрады;

3) Тіркестер азат жолдан қою бояумен беріліп, нүкте қойылып отырады;

4) Тіркеске берілген дефинициялар ауыспалы мағынаға негізделеді және олар тіркестегідей жедел өткен шақ, жіктіктің 3-жағында беріледі; дефинициялар курсивпен ерекшеленеді;

5) Тіркестен кейін, мағына ашылмастан бұрын стильдік белгісөздер (пометалар) қойылады;

6) Кейір тіркестерде көмекші етістіктер әртүрлі грамматикалық формада тұрса, тік жақшамен сыйыстырылып беріледі;

7) Мағына түсіндірлгеннен кейін иллюстрациялық материалдар ретінде мысалдар беріледі, мысалдар көбінесе көркем әдебиет стилінен алынған;

8) Тіркестерде бірнеше мағына болуы да мүмкін, мұндаїда әрбір мағынасы әріптермен (а), (ә), (б) ажыратылады.

Енді жекелеген көмекші етістіктер бойынша жасалған тұрақты тіркестерге мысалдар берілп, олардың тіркес кұрамындағы қызметіне талдау жасайық.

Сөздікте «*кел//кет*» етістіктер жұбы тіркесуі арқылы жасалған тұрақты тіркестер көптеп кездеседі. Мысалы: *ажалы келді, дозақтан отіп келгендей, басына пәле келді* т.б.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» /7-том/ «*кел*» етістігінің 7 түрлі мағынасы түсіндірлген. Біріншісі «*Белгілі бір орыннан бері қаралған жүргүй, бет алу, жақындау, жуу, жылжу*» дегенді білдіретін тұра мағынасы. Осыдан кейін сөздікте әр алуан дереккөздерден жиналған көптеген тіркестер алфавиттік реті бойынша және иллюстрациялық материалдарымен бірге ұсынылған. *Кел* етістігі арқылы жасалған тіркестердің мағынасына назар аударғанымызда, кеңістіктегі қозғалысты білдіре-тін мағынасының тіркес кұрамында *болу, орындалу* мағынасына көшетінін бай-қаймыз. Салыстырайық:

Айтқаны келді. Дегені болды, айтқаны орындалды. Алтын көбейсе, машина да көбейеді, – дегенді еді Алтынсары. Сол айтқаны келді. Сонша мол алтын машинаны көбейтпей қоя ма! (С.Мұқанов, Аспаз).

Ақылга келді. Жөнге келді, сабасына түсті, өзіне өзі келді. Адамдық емес мұның, Ақылга кел (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Аз отырып, көз жұмып, *Ақылы на келді шал*: Баласына сөз бұрып, «Жақында!» – деп ымдады (І.Жансүгіров, Өлеңд.).

Айтқаның келсін. алғыс. Аузыңа май, дегенің болсын деген мағынада. – *Айтқаның келсін, қарағым!* – деп, кариялар шуласа, жастар мен мектеп балалары уралап, бүкіл тәніректі думанға бөлелеп жіберді (С.Сейтқазин, Хадиша). – *Айтқаныңыз келсін, Сәтеке*, – деді төмөннен кірпіш лақтырып тұрған жігіт (С.Нарымбетов, Тентек).

Қарасан келгір! қарғыс сөз. Сиырға айтылатын қарасанмен ауыр деген мағынадағы қарғыс. Өк, құрып кеткір! *Қарасан келгір, қышынба!* Сәйгелді ме алтып тұрған қысымға? Дәл басып түр тұяғынды аудармай, Балығынның төбесінің тұсына (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жоғарыдағы тіркестердің *айтқаны келді* тіркесте – дегені болу, *ақылга келді* тіркесінде – жөнге түсу, сабасына түсу, *айтқаның келсін* тіркесінде – дегенің болсын деген тілек, *қарасан келгір* тіркесінде – қарасан ауруымен ауырып қал деген қарғыс

мағыналары болу, орындалу мәндері тұрғысынан сабактас тіркестер жасаған.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» /7-том/ «кет» етістігінің 13 түрлі мағынасы түсіндірлген. Бірінші мағынасы – кеңістіктегі бір орыннан екінші орынға қарай қозғалу мағынасын билдіреді.

Ажары кетті. Әдемілігінен айырылды. Күніс бір күн сөйлемді: – Қой, қарағым, қой,— деді, Сен жыласаң, бауырым, Айрыламын есімнен, Ақ жүзімнен нұр тайып, *Ажар кетер* бетімнен (Қ.Жапсарбаев. Сөйле.).

Артық кетті. Шектен шықты, асырып жіберді. Шын ақын әділ ойын жасыра ма, Сөз құтын жалған айтып қашыра ма?! деген фой «сын түзелмей мін түзелмес», Ал, *артық кетсем* кешір, ақын аға! (Айтыс).

Бетімен кетті. Жон-жосықсыз, беталды лақты. Еш тәрбиеге көнбей бетімен кеткен адамды закөнге салу керек («Социалистік Қазақстан»).

Садага кет [кетсін, кеткір]. карғыс сөз. Тырнағына татымады, басқан ізіне тұрмады, *Садага кетсін* Алшағыр Айналайын ағамнан. Азатұғын женгем жоқ, *Садага кет* Құртқамнан (М. Әуезов, Таңд. шығ.). «Алтын көрсе, періште жолдан шығады» дейді. Періштеден *садага кеткір-ай!* Періште алтынды не қылсын (Абай, Тол. жин.).

Жүріп кетті. Демі үзілді, жсан тапсырды. Сырылы басылған науқас енді сұлық түсті де, бірден жүріп кетті («Қазақ әдебиеті»).

Шейіт кетті. Құрбан болды, тосыннан жсан тапсырды. –Адамдарымыз да азайып қалды. Артықбай мен жылқышы Сүтір, Аманбайлар *шейіт кетті* (Т.Жармагамбетов, Сентябрь.).

Арманда кетті. *Мақсат-мұратына жете алмады.* Осы ұранды айтып күштіні жыққан әлсіздер, Осы ұранды айтып жігіттер алға ұмтылған. Ақ намыс туындағы – айқаска кіріп боз аттар. Осы ұранды айтып *арманда* кеткен боздақтар (Ж.Қыдыров, Жұлдыз).

Кет көмекші етістігі арқылы жасалған тұрақты тіркестерде бұл көмекші етістік *айрылу, шектен шығу, тоқтау, қол жетпеу, яғни болымсыздық* мәндерін билдіреді.

Біз жоғарыдағы түсіндірмे сөздікте берілген етістікті тұрақты тіркестердің лексикографиялануы (графикалық, мағыналық, иллюстрациялық) сияқты алдағы тақырыптарда күрделі етістіктер мен аналитикалық формалы етістіктерді де сөздік формасында сөздік ұға алып, мағыналарын ашып, иллюстрациялық мысалдар беріп, сөздік құрастыруды мақсат етеміз.

Н.Оралбаева, Б.Қасым пікірлері бойынша, қазақ тіліндегі қимыл мәнін билдіретін күрделі сөздерді етістіктің аналитикалық форманттары мен күрделі етістіктерге беліп тану керек. Бұл пікір қазақ тіл білімінде қолдау да тауып келеді. Фалымдар пікірінше, *оқыт шықты* – етістіктің аналитикалық форманты болса, *кіріп шықты* – күрделі етістік. Алғашкысында оку қимылдың ету сипатын билдірсе, екіншісінде кіру және шығу қимылдың тұртқын біртұтас әрекетті билдіреді дейді. Етістіктің аналитикалық форманттары грамматиткалық мағына үстеніне қарай қазір функционалды грамматикада қимылдың ету сипаты (аспектуалдылық) категориясының (өрісінің) тілдік күралдары болып табылады [6]. Демек, қимыл мәнді күрделі сөздердің ішінде лексикалық және грамматикалық мағына үстеніне қарай әртүрлі құбылыстар бар екендігін көреміз. Осы орайда күрделі етістіктердің сөзжасам мен формажасамға қатысы түбегейлі шешімін таптай келеді. Сонымен қатар қимыл мәнді күрделі сөздердің күрделі етістік біртұтас лексикалық бірлік (*кіріп шықты, барып келді, апарып берді, шығарып әкелді*) ретінде танылатын болса,

оларды түсіндірме сөздіктерге енгізу де қажет не арнайы сөздігін құрастыру керек деп санаймыз. Мұндай сөздік өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде аса қажеттігі дау тудырмайды.

Қазақ тілі сөздіктерінде құрделі етістіктер сөздіктердің ешбіріне енбеген. Сондықтан біз жоғарыда берілген етістікті тіркестердің лексикографияланынуын басшылықта алып, көмекші етістіктер тірек компоненттер арқылы жасалған құрделі етістіктерді лексикографиялау мүмкіндіктерін қарастырамыз. Тәменде бірнеше құрделі етістіктің лексикографиялық құрылымына тоқталмақпаз. Ал жинаған материалы алдыңызғын толькі көлемін өзіміз құрастыратын «Сөздікте» (Косымшада) береміз.

Көмекші етістіктер арқылы жасалған құрделі етістіктер көбінесе *өзінің тұра мағынасында жұмсалғанда* екі қимылдың кесіндісінің бірі болып, сөзжасамдық құрделі етістіктер жасайды. Мысалы:

Алып шықты. а) Затты, нәрсені қолына алып не бірге ертіп сыртқа шыгарды. Ал енді ыдыс-аяқ салынған сандық ашылғанда бір каробка пышақтарды алып шықты (К.Өзенбаева, Асықты көрпе). Мәді қызды байлаудан босатып есік алдына алып шықты да, шашынан сипап көзінің жасын сүрте бастады (Ә.Әбішев, Жаралы сұнқар). ә) Бір жұмысты өзі не өздерінің күшімен бітірді, нәтижеге қол жеткізdi. Жарыста өз командастын қалайда алып шығатын (Ауызекі).

Барып шықты. Бір жерде болып, қайта кетті, біреудің үйіне соғып кетті.

Кіріп шықты. Бір жерге жолай соғып кетті. Үлкен кісі үйіне кіріп шықты (К.Түменбаев, Ағаш ескерткіш).

Айтып келді. Бір нәрсе туралы хабардар етті, естігенін келген жеріне жеткізdi.

Барып келді. Бір жерде болып, қайта оралды, жолсапардан қайтты. Жаппар мынау қолға ұстар дәненесі жоқ мөп-мөлдір, шегіне шетіне жетіп болмайтын тұлдыры көкке қарай барып келді (Ә. Кекілбаев, Мұнара).

Әкеліп берді. Бір затты алып, біреуге ұстартты.

Апaryп берді. Бір затты біреуге не бір жерге жеткізdi. Онда біздің жұмысымыз жоқ, жоғалындар, – деп апайлар дорбаны апaryп берді (К.Өзденбаева, Додага түскен дорбалар).

Жоғарыда шық, кел, бер көмекші етістіктері арқылы жасалған құрделі етістіктер берілген. Аталған көмекші етістіктер немесе басқа да көмекші етістіктер/тірек компоненттер құрделі етістіктер (сөзжасамдық) жасағанда, біртұтас қимылдың кесіндісі ретінде көбінесе өздерінің тұра мағынасында жұмсалады.

Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытуда аналитикалық формалы етістіктердің де түсіндірме, аударма сөздіктерін құрастыру керек болады. Өйткені аналитикалық форманттар, көмекші етістіктер мағынасы грамматикаларда, окулықтар мен оқу құралдарында жазылып, оқытуда үйретіліп жатқанмен, қазақ тілін оқыту әдістемесінде көмекші етістіктер семантикасы түсінуге, түсіндіруге қын құрделі мәселе болып отыр. Осы орайда аналитикалық формалы етістіктер тілде сөзжасамдық құбылыс ретінде танылмаса да, оның лексика-грамматикалық мағынасын түсіндерітін құрал (сөздік) дайындау тіл үйренуде, сонымен қатар әртүрлі аударма жұмыстарын жүзеге асыруда маңызы зор.

Енді тәменде аналитикалық формалы етістіктерді лексикографиялауға қатысты мысалдар келтіреміз.

Танысып шықты. Бір нәрсе туралы ақпарат алуды аяқтады, бітірді. Тұрғанбике: Ий, Тоқтагали. Сенің жеке іс-қағаздарыңмен танысып шықтым (М.Ақмұрзаұлы, Партизан).

Шолып шықты. *Бір қарап отті.* Жамбастап жатып ап, өзі екі ай тұрған мекенді қасқыр көзімен бір ш о л ы п ш ы қ т ы (К.Түменбаев, Қара қазан).

Оқып шықты. *Оқып бітірді, аяқтады.* Текежан ол берген бір жапырақ қағазды ішінен оқып шықтыда, тісін шықыр еткізді, бірақ өнінде өзгеріс жок (Ә.Әбішев, Жаралы сұнқар).

Шық етістігі негізгі етістіктерге тіркесіп, үш аналитикалық формалы етістікте де *іс-әрекеттің біткенін, аяқталғанын* білдіретін мағына үстейді.

Бастала қойды. *Көп күттірмей, тез арада басталып кетті, тез-ақ басталды.* Билеттегі орынды апайға беріп, «маған құдай жар болсын» деп қасына жалпы ете қалдым, көткесағыр концерт де көп ұзамай бастала қойды (К.Өзденбаева, Алыпашынан қоңыл-ай!).

Сала қойды. *Оп-оңай орналастыруды, жеңіл, тез-ақ салды.* Бұрын 20 теңге беріп, арбамен әкеліп, автобусқа сала қоятын заттарын енді таксимен тасып, торық-қан жүрдттың жан айқайын кімге айтарын білмей, өздерімен-өздері шер тарқатып, босқа елдін артынан қарап мен тұрмын (К.Өзденбаева, Арман мен Алдан).

Әкеle қойды. *Жеп-жеңіл әкеле салды, тез-ақ алып келді.* Екі кесесін балаларыма ала салайын деп, сумқадан ақша алам дегенше апай лып етіп барып, қалтаға салып әкеле қойды (К.Өзденбекова, Коридордағы кемпір).

Кой көмекші етістігі жоғарыда берілген үш аналитикалық формалы тіркесте негізгі етістікке *іс-әрекеттің тез арада ері жеңіл-желті орындалу мағынасын* үстейді.

Сонымен, жоғарыда берілген материалдардан курделі етістіктер мен аналитикалық формалы етістіктерді де осылайша мағыналарын ашып, сөздіктер құрастыруға болатындығын көреміз. Жоғарыдағы берілген мысалдар сияқты көптеген тіркестерді (курделі етістік және аналитикалық формалы етістік) мағынасын түсіндіріп, мағыналық ерекшеліктерін айқындаі беруге болады. Бұл көмекші етістіктер тіркескен негізгі етістіктеріне қарай ондаған мағыналық реңке ие болуы мүмкін. Оған біз -а сал, -а кет аналитикалық форманттарының функционалды мағыналарына талдау жасағанда көз жеткізгенбіз. Алайда біздің мақсатымыз, курделі құрамды тіркестердің семантикалық құрылымын ашу емес, оларды лексикографиялауға қатысты болғандықтан, мағыналық талдауларды қыскаша ғана бердік.

Н.Оралбаева, Б.Қасым пікірлері бойынша, қазақ тіліндегі қымыл мәнін білдіретін курделі сөздерді етістіктің аналитикалық форманттары мен курделі етістіктерге бөліп тану керек. Бұл пікір қазақ тіл білімінде колдау да тауып келеді. Ғалымдар пікірінше, *оқып шықты* – етістіктің аналитикалық форманты болса, *кіріп шықты* – курделі етістік. Алғашқысында оқу қымылышың өту сипатын білдірсе, екіншісінде кіру және шығу қымылышан тұратын біртұтас әрекетті білдіреді дейді. Етістіктің аналитикалық форманттары грамматиткалық мағына үстене қарай қазір функционалды грамматикада қымылдың өту сипаты (аспектуалдылық) категориясының (өрісінің) тілдік құралдары болып табылады [6]. Демек, қымыл мәнді курделі сөздердің ішінде лексикалық және грамматикалық мағына үстене қарай әртүрлі құбылыстар бар екендігін көреміз. Осы орайда курделі етістіктердің сөзжасам мен формажасамға қатысы түбегейлі шешімін таптай келеді. Сонымен қатар қымыл мәнді курделі сөздердің курделі етістік біртұтас лексикалық бірлік (*кіріп шықты*, *барып келді*, *апарып берді*, *шыгарып әкелді*) ретінде танылатын болса, оларды түсіндірме сөздіктерге енгізу де қажет не арнайы сөздігін құрастыру керек деп санаймыз. Мұндай сөздік өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үретуде аса қажеттігі дау тудырмайды.

Қазақ тілі сөздіктерінде күрделі етістіктер сөздіктердің ешбіріне енбеген. Сондықтан біз жоғарыда берілген етістікті тіркестердің лексикографияланыуын басшылыққа алып, көмекші етістіктер/тірек компоненттер арқылы жасалған күрделі етістіктерді лексикографиялау мүмкіндіктерін қарастырамыз. Төменде бірнеше күрделі етістіктің лексикографиялық құрылымына тоқталмақпаз. Ал жинаған материалдарымыздың толық көлемін өзіміз құрастыратын «Сөздікте» (Қосымшада) береміз.

Көмекші етістіктер арқылы жасалған күрделі етістіктер көбінесе өзінің тұра мағынасында жүмысалағанда екі қимылдың кесіндісінің бірі болып, сөзжасамдық күрделі етістіктер жасайды. Мысалы:

Алып шықты. а) Затты, нарсөн қолына алып не бірге ертіп сыртқа шығарды. Ал енді ыдыс-аяқ салынған сандық ашылғанда бір каробка пышақтарды алып шықты (Қ.Өзенбаева, Асықты көрпе). Мәди қызды байлаудан босатып есік алдына алып шықты да, шашынан сипап көзінің жасын сүрте бастанды (Ә.Әбішев, Жаралы сұнкар). ә) Бір жұмысты өзі не өздерінің күшімен бітірді, нағызеге қол жеткізді. Жарыста өз командастың қалайда алып шығатын (Ауызекі).

Барып шықты. Бір жерде болып, қайта кетті, біреудің үйіне сөзіп кетті.

Кіріп шықты. Бір жерге жолай сөзіп кетті. Үлкен кісі үйіне кіріп шықты (Қ.Түменбаев, Ағаш ескерткіші).

Айтып келді. Бір нарсе туралы хабардар етті, естігенін келген жеріне жеткізді.

Барып келді. Бір жерде болып, қайта оралды, жолсапардан қайтты. Жаппар мынау қолға ұстар дәненесін жоқ мөп-мөлдір, шегіне шетіне жетіп болмайтын тұлдыры көкке қарай барып келді (Ә. Кекілбаев, Мұнара).

Әкелип берді. Бір затты алып, біреуге ұстартты.

Апарып берді. Бір затты біреуге не бір жерге жеткізді. Онда біздің жұмысымыз жоқ, жоғалындар, – деп апайлар дорбаны апарып берді (Қ.Өзденбаева, Додаға түскен дорбалар).

Жоғарыда шық, кел, бер көмекші етістіктері арқылы жасалған күрделі етістіктер берілген. Аталған көмекші етістіктер немесе басқа да көмекші етістіктер/тірек компоненттер күрделі етістіктер (сөзжасамдық) жасағанда, біртұтас қимылдың кесіндісі ретінде көбінесе өздерінің тұра мағынасында жүмысады.

Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытуда аналитикалық формалы етістіктердің де түсіндірме, аударма сөздіктерін құрастыру керек болады. Өйткені аналитикалық форманттар, көмекші етістіктер мағынасы грамматикаларда, окулықтар мен оқу құралдарында жазылып, оқытуда үйретіліп жатқанмен, қазақ тілін оқыту әдістемесінде көмекші етістіктер семантикасы түсінуге, түсіндіруге қыын күрделі мәселе болып отыр. Осы орайда аналитикалық формалы етістіктер тілде сөзжасамдық құбылыс ретінде танылмаса да, оның лексика-грамматикалық мағынасын түсіндіретін құрал (сөздік) дайындау тіл үйренуде, сонымен қатар әртурлі аударма жұмыстарын жүзеге асыруда маңызы зор.

Енді төменде аналитикалық формалы етістіктерді лексикографиялауға қатысты мысалдар көлтіреміз.

Танысып шықты. Бір нарсе туралы ақпарат алуды аяқтады, бітірді. Тұрғанбике: Ий, Тоқтагали. Сенің жеке іс-қағаздарыңмен танысып шықтым (М.Ақмырзаұлы, Партизан).

Шолып шықты. Бір қарап отті. Жамбастап жатып ап, өзі екі ай тұрған мекенди қасқыр көзімен бір шолып шықты (Қ.Түменбаев, Қара қазан).

Оқып шықты. Оқып бітірді, аяқтады. Текежан ол берген бір жапырақ қағазды ішінен оқып шықты да, тісін шықыр еткізді, бірақ өнінде өзгеріс жоқ (Ә.Әбішев, Жаралы сұнқар).

Шық етістігі негізгі етістіктерге тіркесіп, уш аналитикалық формалы етістікте де *іc-әрекеттің біткенін, аяқталғанын* білдіретін мағына үстейді.

Бастала қойды. Көп күттірмей, тез арада басталаң кетті, тез-ақ басталды. Билеттегі орынды апайға беріп, «маған құдай жар болсын» деп қасына жалп ете қалдым, көпжасағыр концерт де көп ұзамай бастала қойды (Қ.Өзденбаева, Альп-ұшқан көңіл-ай!).

Сала қойды. Оп-оңай орналастырды, жеңіл, тез-ақ салды. Бұрын 20 теңге беріп, арбамен әкеліп, автобусқа сала қоятын заттарын енді таксимен тасып, торық-кан жұрттың жан айқайын кімге айтарын білмей, өздерімен-өздері шер тарқатып, босқа елдің артынан қарап мен тұрмын (Қ.Өзденбаева, Арман мен Алдан).

Әкеle қойды. Жеп-жеңіл әкеle салды, тез-ақ алып келді. Екі кесесін балаларыма ала салайын деп, сумқадан ақша алам дегенше апай лып етіп барып, қалтага салып әкеле қойды (Қ.Өзденбекова, Коридордағы кемпір).

Қой көмекші етістігі жоғарыда берілген үш аналитикалық формалы тіркесте не-гізгі етістікке *іc-әрекеттің тез арада әрі жеңіл-жеңіл орындау* мағынасын үстейді.

Сонымен, жоғарыда берілген материалдардан күрделі етістіктер мен аналитикалық формалы етістіктерді де осылайша мағыналарын ашып, сөздіктер құрастыруға болатындығын көреміз. Жоғарыдағы берілген мысалдар сияқты көптеген тіркестерді (күрделі етістік және аналитикалық формалы етістік) мағынасын түсіндіріп, мағыналық ерекшеліктерін айқындаій беруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық.
- [2] Қазақ сөздігі. – Алматы. 2013. – 1487 б.